

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шеңберіндегі өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салаларының бейімделуінің 2007 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1259 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы N 1170 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы N 1170 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шеңберіндегі өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салаларының бейімделуінің 2007 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2 . О р т а л ы қ о р г а н д а р :

Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

жыл сайын, 10 шілдеге және 10 желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жыл сайын, 20 шілдеге және 20 желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Ү к і м е т і н і ң

2006 жылғы 23 желтоқсандағы

N 1259 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шеңберіндегі
өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салаларының бейімделуінің
2007 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы**

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Қазіргі жай-күйді талдау
- 3.1. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру рәсімі
- 3.2. Ауыл шаруашылығы саясаты
- 3.2.1. Дүниежүзілік сауда ұйымының негізгі талаптары
- 3.2.2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының ағымдағы жай-күйі және оның техникалық қамтамасыз етілуі
- 3.3. Санитарлық және фитосанитарлық шаралар
- 3.4. Техникалық реттеу жүйесі
- 3.5. Жеңіл өнеркәсіп
- 3.6. Ағаш өңдеу өнеркәсібі
- 3.6.1. С ү р е к
- 3.6.2. Қ а ғ а з
- 3.7. Фармацевтика және медицина өнеркәсібі
4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері
5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асырылу тетіктері
6. Қажетті ресурстар мен Бағдарламаны қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру шеңберіндегі өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салалары бейімделуінің 2007-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру шеңберіндегі өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салалары бейімделуінің 2007-2008 жылдарға арналған бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы Ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 24-тармағы
Бағдарламаны әзірлеуші	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	Бағдарламаның мақсаты Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуының өтпелі кезеңіндегі бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады
Бағдарламаның міндеттері	агроөнеркәсіп кешені салаларын индустрияландыру; қызмет көрсетуші инфрақұрылымды және өнім қауіпсіздігін және сапасын бағалау жүйелерін дамыту; кластерлік бастамаларды қалыптастыру

мен қолдау және өнім сапасын
қамтамасыз ету арқылы агроөнеркәсіп
кешенінің ұлттық бәсекелік
басымдықтарын дамыту;
халықаралық сапа стандарттарын енгізу
арқылы отандық өнімнің бәсекеге
қабілеттігін одан әрі арттыру;
экономиканың кейбір қайта
өңдеу салаларын дамыту үшін тиімді

жағдайлар қалыптастыру

Қажетті ресурстар мен

Қажет емес

Бағдарламаны

қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру
мерзімдері

2007-2008 жылдар

Бағдарламаны іске
асырудан күтілетін
нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру Қазақстанның
Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру
шеңберіндегі өтпелі кезеңде
экономиканың кейбір салаларының
бейімделуі үшін мыналар арқылы нақты
жағдайлар жасауға ықпал ететін болады:
халықаралық талаптарға сәйкес өнімнің
қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз

е т у ;

Қазақстан Республикасының ұлттық
заңнамасын Дүниежүзілік сауда ұйымының
нормаларына сәйкес келтіру;
ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту;
ветеринарлық қызметтер мен
өсімдіктердің карантині жөніндегі
қызметтерді дамыту;
жеңіл, ағаш өнеркәсібі мен
фармацевтикалық өнеркәсіп салаларын

дамыту

2. Кіріспе

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру шеңберіндегі өтпелі кезеңде
экономиканың кейбір салаларының бейімделуінің 2007-2008 жылдарға арналған

бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мыналарға сәйкес әзірленген:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық - инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің

24 - т а р м а ғ ы .

Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіру Қазақстан үшін өзекті қажеттілік болып табылады, өйткені, Қазақстан салыстырмалы түрде шағын ішкі нарығы бар ел болып табылады. Сондықтан республикаға өз тауарлары мен қызметтерін сыртқы нарықтарға жылжыту үшін экономикалық өсім көздерін іздеу қажет, бұл көп жақты сыртқы сауданы, оның ішінде ДСҰ шеңберінде

д а м ы т у д ы

б о л ж а й д ы .

Қазақстанның ДСҰ-ға қатысуы ішкі нарықты одан әрі ырықтандыруға да, отандық өнімді сыртқы нарықтарға барынша ауқымды жылжытуға, өңдеуші өнеркәсіп, әсіресе инновациялық бағыттағы кәсіпорындар жіті қажет ететін шетел инвестицияларының ағынын ұлғайтуға да ықпал ететін болады.

Қазақстан ДСҰ-ға қосылғаннан кейін ДСҰ-ға мүше барлық елдер Қазақстанда барынша қолайлылық режимінің күшін таратуға, яғни тең жағдайларда нарыққа енуге міндетті болады. Бұл кедендік тарифтерге де қызметтер нарығына ену жағдайларына да қатысты.

Бүгінде ДСҰ өз шеңберінде әлемдік сауданың 95 %-дан астамы жүзеге асырылатын 149 елді қамтиды, Қазақстан өзінің сауда әріптестерінің басым көпшілігімен барынша қолайлы жағдайларға ие болады.

Бұл Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі Мемлекет басшысының "Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында аталды, онда: "Өтпелі кезеңде біздің экономикамыздың кейбір салаларын, әсіресе шикізатты қайта өңдеуді дамыта отырып, ауыл шаруашылығын қолдауға мүмкіндік беретін ДСҰ-ға кіру шеңберіндегі экономиканың кейбір салаларының "бейімделу бағдарламасын" әзірлеу және іске асыру" деп көрсетілді.

3. Қазіргі жай-күйді талдау

3.1. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру рәсімі

ДСҰ қазіргі заманғы халықаралық сауда жүйесінің заңнамалық және институционалдық негізін, көп жақты келісу және оның мүше елдерінің саудамен және қызметтермен сауда саласындағы саясатын реттеу, сауда дауларын реттеу және стандартты сыртқы сауда құжаттамасын әзірлеу тетігін б і л д і р е д і .

ДСҰ 1995 жылы Тарифтер және сауда туралы Бас Келісім (ГАТТ) шеңберінде көп жақты келіссөздердің Уругвай кезеңінің қорытындысы бойынша 1994 жылғы сәуірде қол қойылған Марракешш келісімінің негізінде құрылды. ДСҰ-ны құру туралы келісім 29 құқықтық құжаттарды және ГАТТ жөніндегі келіссөздердің көп жылғы кезеңінде қол жеткізілген негізгі ережелерді қамтитын , көп жақты сауда жүйесі шеңберінде елдердің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын 25 министрлік декларациясын қамтиды.

ДСҰ-ның барынша маңызды қағидаттарының ішінде мыналарды атауға б о л а д ы :

кемсітушіліксіз сауда;
ұлттық режим қағидаты;
сауданың ашықтығы (алдын ала болжамдылығы).

Кемсітушіліксіз сауда қағидаты ГАТТ-тың 1-бабында жазылған "барынша қолайлылық режимі" ұғымында көрсетілген. Барынша қолайлылық режимі ДСҰ мүшелері осы ұйымға мүше қандай да бір елдің өніміне басқа мүше елдің тауарларына ұсынатын режимнен қолайлылығы кем болмайтын режимді ұсынуға міндетті екенін білдіреді. Сонымен ешбір ел қандай да бір басқа елге қатысты ерекше сауда басымдықтарын беруге, кемсітушілік шараларын қолдануға тиіс емес; барлық елдер бірдей жағдайда болады, яғни бұл қағидаттың идеясы барлық елдер адал негізде бәсекеге түсе алатын тең жағдай құру болып табылады.

Бұдан өзге ДСҰ ережелері елдің ДСҰ-ға мүше елдерден келген импорттық тауарларға ұлттық режим ұсыну тиістілігін көздейді. "Ұлттық режим" ұғымы мына талапты болжайды: импорттық тауарлар нарыққа түскен бойда, олар отандық өндірістің балама тауарларымен тең жағдайда болуы тиіс. Бұл ұғымның мағынасы үкіметтің отандық өндірушілерге шетел компанияларымен салыстырғанда барынша қолайлы жағдайлар жасамауы немесе оны басқалардан бөлек қоя отырып, қандай да бір шетелдік жеткізушіге артықшылық көрсетпеуі т и і с т і г і н б і л д і р е д і .

Халықаралық сауданың ашықтығы (айқындық, алдын ала болжамдық) ДСҰ-ға мүше елдердің тұрақты негізде ДСҰ хатшылығына оның сыртқы сауда режимінің - экспорттық және импорттық бағдардың, стандарттардың, сондай-ақ өзге де ережелер емес шектеулердің өзгерістері туралы ақпаратты беруге

міндеттілігі есебінен қол жеткізіледі. Осылайша, осы қағидатқа сәйкес халықаралық сауда барынша алдын ала болжамды болуы және осы арқылы экономикалық дамуға және елдер арасындағы қатынастарда сыртқы экономикалық тұрақсыздықты төмендетуге ықпал етуі тиіс.

ДСҰ-ға кіруді ниет еткен ел (бұдан әрі - бақылаушы ел) ұсынатын негізгі құжаттардың бірі Сыртқы сауда режимі туралы меморандум болып табылады, ол жоғары егжей-тегжейлі деңгейде құқықтық негізді, заңнамалық актілерді және бұл ережелердің бақылаушы ел саудасындағы саяси орындалушылығын а й қ ы н д а й д ы .

Сырты сауда режимі туралы меморандумды бергеннен кейін болатын сауалдар мен жауаптар кезеңінде бақылаушы ел өзінің сыртқы сауда режимінің барлық аспектілері бойынша көптеген сауалдарға жауап беруге міндетті болады. Бұл сауалдар көптеген тақырыптарға: ішкі инвестициялық режим туралы жалпы анықтама мен жекешелендіру бағдарламаларынан бастап зияткерлік меншікті қорғау ережелерін құқықтық қолданудың ерекшелігі туралы және акциздік салықтарды пайдаланудың ең көп толық мәселелеріне дейін қатысты болуы мүмкін. Құрамына ДСҰ-ның кез келген мүше елі кіруі мүмкін бақылаушы елдің ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - Жұмыс тобы) мүшелері қойған сұрақтар негізінде, коммерциялық мүдделерді ескере отырып, бақылаушы ел, әдетте өзінің ұлттық заңнамасына өзгерістер енгізеді.

Бақылаушы елдің сыртқы сауда режимін талқылауының келесі кезеңі Жұмыс тобының Баяндама жобасын қалыптастыру болып табылады. Ол қаралып, өзгерістер енгізілгеннен кейін бұл Баяндаманы Жұмыс тобы қабылдайды және қосылу туралы хаттамамен және міндеттемелер кестесімен бір мезгілде ДСҰ-ның Бас кеңесіне бекітуге береді.

Осылайша, ДСҰ-ға қосылу - бұл бірінші кезекте келіссөздер процесі.

Ел ұйымға "бар мүшелермен келісілген жағдайларда" қосылуы тиіс. Тарихта ДСҰ-ға қосылудың бірде бір бірдей процесі болған емес. Міндеттердің бірегей жиынтығы қосылудың кез келген процесінің нәтижесі болады. ДСҰ-ға қосылатын елдің түпкілікті шарты бар мүшелердің коммерциялық мүдделерінің жинақталып, зерттелуі және бақылаушы елдің сауда жеңілдіктерін ұсыну да й ы н д ы ғы б о л ы п т а б ы л а д ы .

ДСҰ жүйесінің екі жиек бұрышты тұрпатын бөліп қарауға болады, олар:

ГАТТ және ДСҰ келісімдерінде жасалған ережелер мен міндеттемелер;

Екі жақты да көп жақты да негізде бақылаушы ел мен бар мүшелер арасындағы келіссөздер барысында қабылданған міндеттемелер.

Заң келісімдерінің мәтіндерінде бар ережелер барлық мүшелер үшін бірдей болғанымен, жекелеген мүшелердің міндеттемелерінің арасында айырмашылықтар бар. Бұл қосылатын ел қабылдайтын міндеттемелердің ауқымы

мен тереңдігі қосылу процесі барысында айқындалады.

ТМД елдерінің ішінде үш ел - Қырғызстан, Грузия мен Молдова ДСҰ-ның толық құқықты мүшесі болды және олар өтпелі кезең сатысында тұр.

Қазақстан Республикасы ДСҰ-ның Хатшылығына 1996 жылы өтінім берді. 1996 жылы Қазақстанға ДСҰ-дағы бақылаушы ел мәртебесі берілді. Мұнымен бір мезгілде Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі Жұмыс тобы құрылды.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобының құрамына ДСҰ-ға мүше 39 ел кіреді:

Қырғызстан, Грузия, Пәкстан, Түркия, Қытай, Корея, Оман, Жапония, Куба, Мексика, Норвегия, Гондурас, Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ, Австралия, Канада, Швейцария, Бразилия, Доминикан Республикасы, Малазия, Египет, Болгария, Үндістан, Моңғолия, Парагвай, Израиль, Колумбия, Индонезия, Армения, Жаңа Зеландия, Молдова, Тайвань, Тайланд, Сальвадор, Хорватия, Ямайка, Шри-Ланка, Панама және Гватемала.

2003 жылы Қазақстан кіру процесінің ақпараттық кезеңін аяқтады және Жұмыс тобының мүшелерімен ДСҰ-ға мүшелік шарттарын айқындау жөніндегі келіссөздер процесінің белсенді кезеңіне кірді.

Келіссөздер көп жақты және екі жақты деңгейде төрт негізгі бағыттар бойынша жүргізілуде, олар:

1. Жүйелік мәселелер жөніндегі көп жақты келіссөздер. Бұл келіссөздер шеңберінде ДСҰ-ға мүше елдер біздің еліміздің экономикалық және сыртқы сауда режимін талдайды және Қазақстанның заңнамасын ДСҰ нормаларына сәйкес келтіру жөнінде ұсынымдар береді.

2. Ауыл шаруашылығы жөніндегі екі жақты келіссөздер. Бұл келіссөздерде ДСҰ-ға мүше елдер ауыл шаруашылығы секторын мемлекеттік қолдау түрлерін және көлемін талдайды.

3. Тауарлар нарығына ену жөніндегі екі жақты келіссөздер. Мұнда Қазақстан ДСҰ-ға мүше елдерден импортталатын ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп тауарларына қолданатын кедендік баждардың барынша көп деңгейі келісіледі.

4. Қызметтер нарығына ену жөніндегі екі жақты келіссөздер. Бұл келіссөздер барысында Қазақстан шетелдік компаниялардың қазақстандық қызметтер нарығына ену шарттары жөніндегі, мысалы, қаржылық, құрылыс, телекоммуникациялық қызметтер сияқты міндеттемелерді қабылдайды.

Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуының мүмкін болатын әлеуметтік-экономикалық салдарлары экономиканың әртүрлі салаларындағы шаруашылық жүргізу субъектілері үшін бірдей пайдалы болып табылмайды. Бәсекеге қабілетті емес өнім шығаратын отандық кәсіпорындардың елеулі бөлігі үшін елдің ДСҰ-ға кіруі: немесе өндірісті жаңғырту немесе оны тоқтату сияқты тиісті таңдаудың болмай қоюшылығын білдіреді. Егер кәсіпорын жұмыс істегісі

келсе бәсекеге қабілетті өнімді шығаруды үйренуге мәжбүр болады.

Өзгеріс үшін уақыт, қаражат, ниет пен біліктілік, сондай-ақ белгілі бір өтпелі кезеңде ішкі нарықты және бұл нарықтағы кенет болатын өзгерістерге дайын емес өндірушілер үшін мемлекеттік қорғау шаралары қажет. Ал олар нарықтың көптеген қатысушылары үшін өте қатал шаралар арқылы реформалау уақытындағыдай кенеттен болуы мүмкін.

Осыған байланысты қазіргі кезде Қазақстан келіссөздер процесінде мына ш а р т т а р д ы қ о й ы п о т ы р :

міндеттемелерді орындау мерзімін ұлғайту;
нақты келісімдерге байланысты белгілі бір міндеттемелер бойынша барынша жоғары немесе барынша төмен сатылар алу;
міндеттер мен рәсімдерді орындауға икемді әдісті іске асыру құқығының б е р і л у і ;

хаттамаға "барлық мүмкіндіктерді жасауға ұмтылу туралы" ережені енгізу, бұл қабылданған міндеттемелерді орындау режимін жеңілдету үшін кейбір б о с т а н д ы қ т а р д ы б е р е д і .

Сонымен қатар, соңғы жылдары ДСҰ-ға мүше елдері қосылу туралы келіссөздер процесінде ТМД елдеріне айрықша шарттар алуға (мысалы, барынша ұзақ өтпелі кезеңдер ұсыну нысанында) мүмкіндік бермейді, мұны олар ДСҰ келісімдерін орындау нарықтық экономикаға өтудің маңызды элементі болып табылатындығымен түсіндіреді.

Қазақстан бұрыннан "ДСҰ режимінде" тіршілік етуде. Қазақстанның орташа импорттық тарифі барлық тауарлар бойынша - 7,9 %-ды, ауыл шаруашылығы тауарлары бойынша - 12,4 %-ды және өнеркәсіп тауарлары бойынша 6,7 %-ды қ ұ р а п о т ы р .

Бұлар ДСҰ-ға мүше елдердің тарифтік қорғау деңгейінен онша ерекшеленбейді. Мысалы, Канаданың импорттық тарифі ауыл шаруашылығы тауарына 7,7 %, өнеркәсіп тауарларына 5,7 %; АҚШ - ауыл шаруашылығы тауарларына 10,9 %, өнеркәсіп тауарларына 4 %; ЕО - тиісінше 15,7 % және 4 % деңгейінде. Осылайша, қазақстандық нарық импортқа және экспортқа қатысты барынша ырықтануды бастан кешірді.

3.2. Ауыл шаруашылығы саясаты

3.2.1. Дүниежүзілік сауда ұйымының негізгі талаптары

Агроазық-түлік өнімінің саудасын ырықтандыру үшін ДСҰ қатысушылары ауыл шаруашылығы бойынша арнайы келісімге қол қойды. Мұндай келісімнің

қажеттілігі бірқатар дамыған елдердің (ЕО елдері, Жапония, Норвегия, Швейцария және Оңтүстік Корея) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін қолдау деңгейі өте жоғары болуына байланысты туындады және бұл олардың нарығына басқа елдер тауарларының енуіне кедергі жасады.

Халықаралық ауыл шаруашылығы саудасының реформаларына Аргентина, Канада, Жаңа Зеландия, Бразилия және басқа да бірқатар елдер кіретін Керн тобы елдері бастамашы болды. Реформалаудың негізгі уәжіне дамыған елдерде аграрлық сектордың елеулі субсидиялары зор экономикалық шығындарға әкелетіні (ауыл шаруашылығы өнімін қайта өндіру) және әділ бәсекелестікті дамытуға кедергі жасайтыны алға тартылды. Сондықтан нәтижесінде ауыл шаруашылығы жөніндегі келісім өндірісті ынталандыратын және сауданы бұрмалайтын шараларды шектеуге арналды және ол бірте бірте жаһандық агроазық-түлік нарығының субсидиялардың бәсекелестік тәртібі бойынша емес, нарық дабылдарына сәйкес жұмыс істеуіне мүмкіндік бермек.

Ауыл шаруашылығы саласында қабылданатын міндеттемелер ДСҰ-ға қосылу туралы келіссөздердің барынша қиын элементтері болып табылады. Ауыл шаруашылығы жөніндегі келіссөзде үш негізгі аспект бар, олар: ішкі қолдау, нарыққа ену және экспорттық субсидиялар. Бақылаушы ел барлық осы мәселелер бойынша ұсыныстар беруі тиіс.

Ішкі қолдау. Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ұсынылатын барлық қолдау шаралары Келісімнің сыныптама жүйесіне сәйкес аталуы және ақша бірлігімен өлшелінуі әрі үш жылдық кезеңге есептелуі тиіс. Егер ДСҰ-да қаралатын "өндірісті ынталандыратын" және "сауданы бұрмалайтын" шаралар сатыдан тыс шамада пайдаланылса, онда бақылаушы ел оларды жыл сайын белгіленген шама кезеңі, әдетте алты жылдық кезең ішінде бірте бірте қысқарту жөнінде міндеттеме қабылдауы тиіс.

Нарыққа ену. Бақылаушы ел тарифтік емес кедергілерді тарифтік баламаларға көшіріп, бұл тарифтік ставкаларды жоғарғы деңгейде байланыстыруы тиіс және содан соң бұл ставкаларды белгіленген имплементациялық кезең ішінде жыл сайын азайту арқылы қысқартады.

Экспорттық субсидиялар. Бақылаушы ел өзіне міндеттеме алуы не қосылу сәтінен бастап экспорттық субсидияларды пайдаланбауы, не қолда бар экспорттық субсидияларды ақшалай мәнде бағалауы және имплементациялық кезең ішінде оларды жыл сайынғы қысқарту жөнінде міндеттемелер қабылдауы тиіс.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісім елдерді төрт санаттың біріне сәйкес ауыл шаруашылығын қолдаудың ішкі шараларына оларды жіктеуді міндеттейді. Бұл санаттар ДСҰ тілінде "себеттер" деп аталады.

Қолдаудың жиынтық шарасы (немесе "сары себет"). Бұл себеттің аграрлық

саясатының іс-шарасы өндірісті ынталандырушы және тиісінше, сауданы бұрмалаушы ретінде есептеледі. Бұл жерде көрсетілетін шаралар екі санатқа бөлінуі тиіс: өндірісті дамытуға арналған қолдау және өндірістен бөлінген қолдау. Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімде мемлекеттік қолдаудың қандай шараларын "сары себетке" жатқызуға болатындығының нақты айқындамасы жоқ. Тұтас алғанда, оған төменде санамаланатын басқа үш санатқа енгізілмейтін барлық шаралар жатқызылады деп қорытындылауға болады. Сонымен қатар, "сары себетке" мемлекеттің жоғалтқан кірісін қосып алады, яғни, ауыл шаруашылығы өндірушілерін салықтардан және мемлекет беретін кредиттерді қ а й т а р у д а н б о с а т т ы .

Өндірісті қысқарту бағдарламасының шеңберінде тікелей төлемдер (немесе "көк себет"). Келісімде, осы төлемдер, егер олар тіркелген алаңдар мен астықтарға негізделетін болса міндетті қысқартуға ұшырамауы тиіс, ал мал шаруашылығында - егер олар тіркелген мал басына жүзеге асырылатын болса. Бұл санат бірыңғай ауыл шаруашылығы саясатының 1992 жылғы реформаларының шеңберінде келісілген өтемдік төлемдер ДСҰ-ның ережелеріне қайшы келмейтін және ЕО-ға ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімді бекітуге мүмкіндік беретін ретінде есептелетіндей Еуропалық Одақ үшін ымыра ретінде қ а б ы л д а н ғ а н б о л а т ы н .

Қысқарту жөніндегі міндеттемеден босататын шаралар (немесе "жасыл себет") саудаға немесе өндіріске ең аз бұрмаланған әсер ететін немесе етпейтін және тұтынушыларға трансферттерді және өндірушілерді қолдауды болжамайтын мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілетін, өндірісті өсіруді ынталандыратын шаралар "жасыл себет" санатына енгізілуі мүмкін. Оларға ауылда консалтингті дамыту, зиянкестердің таралуының алдын алу және олармен күрес, зейнетақылық қамтамасыз ету бағдарламалары, астықтарды сақтандыру және өзгелері жатады. "Жасыл себет" шаралары қысқарту жөніндегі міндеттемелерден б о с а т ы л а д ы .

Арнайы және теңдестірілген режим. Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімнің мәтінінде ауыл шаруашылығын немесе ауылдық жерлерді дамытуға жәрдемдесетін қолдаудың тікелей немесе жанама мемлекеттік шаралары дамыған елдерді дамыту бағдарламасының ажырамас бөлігі екендігі туралы айтылады. Бұл ретте, дамыған елдердің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне әдетте берілетін материалдық-техникалық ресурстарды сатып алуға инвестициялық субсидиялар мен дотациялар қысқарту жөніндегі міндеттемелерден босатылуы тиіс. Сондықтан, мұндай шаралар өз міндеттемелерінің тізіміне арнайы және теңдестірілген режим шараларын енгізген елдердің үстінен шектеулерсіз пайдаланылуы мүмкін.

Осылайша, ДСҰ ережелері халықаралық сауданың тиімділігіне теріс әсер

ететін мемлекеттік аграрлық саясаттың тек қана айқындалған шараларын міндетті қысқартуды талап етеді, бұл жағдайда мемлекет қорында аграрлық секторды қолдау жөнінде өзге іс-шаралардың айтарлықтай кең спектрі қала
б е р е д і .

Бақылаушы ел екі тәсілдің бірін таңдай алады:

1) қысқарту жөніндегі міндеттемелерден босату санатына мейлінше көп шараларды жатқызуға тырысу ("жасыл себетке", "көк себетке" немесе арнайы немесе дифференциалдандырылған режимге);

2) ҚЖС санатына ("сары себет"), оның мөлшерін қолдаудың ақырғы қысқартылған деңгейі ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерін қолдау үшін жеткілікті болатындай барынша ұлғайта отырып, мейлінше көп шараларды
ж і к т е у .

ТМД елдері осы проблеманы шешу үшін әртүрлі тәсілдерді таңдады.

ДСҰ-ға қосылған елдер - Грузия мен Қырғызстан - бірінші стратегияны, бұл уақытта Молдова - екіншіні таңдады.

Келіссөздік процесте тұрған қалған елдер - Беларусь, Қазақстан және Ресей - "сары себетке" мейлінше көп шараларды қосуға тырысуда.

3.2.2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының ағымдағы жай-күйі және оның техникалық қамтамасыз етілуі

Соңғы жылдары республиканың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту тұрақтандырылды. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен оны қайта өңдеу тағамдары өндірісін ұлғайтуда оң ілгерілеу байқалады. Азық-түлік импортының деңгейі төмендеуде, жабдықпен және ауыл шаруашылығы техникасымен
ж а с а қ т а у ө с і п к е л е д і .

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен саудасының әлемдік жүйесінің шеңберінде ымырашылдық экономика жағдайында ұлттық бәсекелік артықшылық және оның дамуы басым мәнге ие болуда. Аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету оның аграрлық өндірісін индустриализациялауға және оның АӨК өнімдерінің негізгі түрлері бойынша тиімділігінің өсуіне негізделген тұрақты дамуын болжайды.

Аграрлық саланың жаңа сапасы агроөнеркәсіптік саясатты онда сауда құрамдастарының өсуімен, ауыл шаруашылығы өндірісінің маркетингтік тәсілге көшуіне және таяу және алыс шетелдердің экспортын жандандыру арқылы
ұ с т а у д ы к е ñ е й т у д і б о л ж а й д ы .

Аграрлық өндірістің тұрақтылығы - елдің өндірістік қауіпсіздігінің және әлеуметтік тұрақтылығының негізі екендігін ескеру қажет.

Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің серпіні соңғы үш жылда тұрақты

(өңделгеннен кейінгі салмақта) құрады, орташа шығымдылығы 13,0 ц/га, бұл 2005 жыл деңгейінен 1,7 ц/га көп.

Сонымен қатар Республикада 2006 жылы 2,3 млн. тонна картоп және 2,1 млн. тонна көкөніс, 368,8 мың тонна қант қызылшасы, 465,1 мың тонна мақта-қозасы жиналды.

Мемлекеттік қолдау шаралары тұқым өндірісінде тұқымдық материалдың жалпы көлемінің егістік сапасына сараптама жүргізуге, өндірістің көлемдерін қажеттілікпен сәйкестендіруді жүргізуге және элиталық тұқымдарды іске асыруға (жылына 54-58 мың тонна) мүмкіндік берді.

Себілетін сұрыпталған тұқымдар үлесі 2001 жылғы 53 %-дан 2006 жылы 99,5 %-ға ұлғайды, бұл ретте 1-2-класты тұқымдар үлесі 72 %-ға дейін, ал жоғары өсімпаздығы 87 %-ға дейін өсті.

2005 жылы 2004 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімдері саласында мынадай өндірістер ұлғайды:

жемістік және көкөністік шырындар - 77 297,2 мың литрден 100 052,7 мың литрге (29,4 %);

көкөніс консервілері - 2,469 тоннадан 3 383 тоннаға дейін (37,0 %-ға);

томат консервілері - 8,636 тоннадан 9 772 тоннаға дейін (13,2 %-ға);

ұн - 2 126 574 тоннадан 2 607 105 тоннаға (22,6 %-ға);

арпа - 28 802 тоннадан 33 160 тоннаға дейін (15,1 %-ға);

макарон өнімдері - 79 228 тоннадан 83 199 тоннаға дейін (5,0 %-ға);

шоколад - 51 932 тоннадан 69 438 тоннаға дейін (33,7 %-ға);

кофе мен шәй - 17 243 тоннадан 19 266 тоннаға дейін (11,7 %-ға).

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 134,2 мың шынжыр табанды және дөңгелекті тракторлар, 44,5 мың астық жинау комбайндары, 15,1 мың жатка, 90,4 мың тұқым сепкіш бар.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы машиналарының негізгі түрлерін жаңартудағы жыл сайынғы есеп мыналарды құрайды:

дөңгелекті-жыртпа тракторлар - 7-8 мың бірл.;

астық жинау комбайндары - 4 мың бірл.;

тұқым сепкіш - 0,8 - 1,0 мың бірл.;

жаткалар - 0,6-0,8 мың бірл.

Қазіргі кезде жыл сайын 3 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынып отыр, алайда ол жеткілікті емес. Республикадағы есептен шыққан негізгі ауыл шаруашылығы машиналарын ескерте отырып, машиналық-трактор паркін толық жаңғырту үшін 10-12 жыл қажет.

М а л ш а р у а ш ы л ы ғы

2006 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ірі қара мал саны 5440,2 мың басты құрады немесе өткен жылғы деңгейге қарама қарсы 4,5 %-ға тиісінше өсті,

койлар мен ешкілер - 14274,8 мың бас немесе 6,5 %, жылқылар - 1160,0 мың бас немесе 3,5 %, түйелер - 129,5 мың бас немесе 3,0 %, шошқалар - 1313,3 мың бас немесе 1,6 % және құстар - 26352,4 мың бас немесе 2,8 %. Ет өндірісі тірідей салмақта 1372 мың тоннаны құрады немесе 4,2 %-ға өсті, тиісінше сиыр сүті - 4712,7 мың тоннаға немесе 4,3 %, жұмыртқа - 2514,7 мың дана немесе 8,5 % және жүн - 29,2 мың тоннаға немесе 7 %.

Мал шаруашылығында оң ілгерілеуге селекциялық-тұқымдық жұмыс белгілі бір әсер етеді. Мемлекет тарапынан жасалатын мақсатқа бағытталған қолдаудың нәтижесінде асыл тұқымды мал шаруашылығындағы жағдай тұрақтандырылды. Асыл тұқымдық желі айтарлықтай кеңейді.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мал шаруашылығы саласында 441 субъектілер есептеледі. Олардың ішінде, мал шаруашылығы малдарының асыл тұқымды жас малдарын өсірумен және сатумен 426 шаруашылық субъектілері айналысады, олардың 65-і асыл тұқым зауытының мәртебесіне ие және 351-і асыл тұқымды мал шаруашылығы мәртебесіне ие. Ауыл шаруашылығы малдарын өндірушілердің тұқымдарын өндірумен және сатумен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында 25 субъекті, оның ішінде 2 асыл тұқымды және 23 дистрибьютерлік орталықтар айналысады.

Республиканың өңірлерінде белгілі бір жұмыс мал табындарын отандық және шетелдік селекциялар тұқымын жақсартатын өндірушілер тұқымдарымен сиырларды қолдан ұрықтандыруды енгізу арқылы сапалы жетілдіру жүргізілуде. Қолдан ұрықтандырумен мал басының жатырын қамту, сондай-ақ қолдан ұрықтандыру пункттерінің саны ұлғаюда. Қазіргі уақытта 2 сиырлар мен бұзауларды қолдан ұрықтандыру бойынша 2269 пункт қызмет көрсететін малдарды қолдан ұрықтандыру жөнінде 2 асыл тұқымды және 23 дистрибьютерлік орталықтар жұмыс істеуде. 2006 жылдың 11 айында ірі қара малды жатырлық контингентін қолдан ұрықтандыру пункттерінің саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 159 бірлікке ұлғайды.

2005 жылы 2004 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында ет және ет-өсімдік консервілері - 26 893 тоннадан 28 674 тоннаға дейін (6,6 %-ға), сүт өңделген сұйық және кілегейлер - 154 412 тоннадан 174 672 тоннаға дейін (13,1 %-ға), сары май - 13 040 тоннадан 18 374 тоннаға дейін (40 %-ға) ұлғайды.

Мал шаруашылығы өнімін өндіру саласында өнеркәсіптік негіздегі ірі мемлекеттік мал шаруашылығы кешендері ондаған мың фермерлік және жеке шаруашылықтарды ауыстырды, бұл орта және ірі тауар өндірісін жойып, сапаны төмендетті.

Ауыл шаруашылығы өнімін механикалық өндіру тек мамандандырылған орта және ірі тауар шаруашылықтарында қолданылады әрі олардың мынадай

проблемалары

бар :

қарапайым серпінді технологиялардың қолданылуы;
шаруа қожалықтары үшін мамандандырылған машиналар мен технологиялық жабдықтардың, мини жабдықтардың жоқтығы;
жем-шөптер мен мал шаруашылығы өнімін дайындау технологиясының төменгі деңгейі.

Агроөнеркәсіп кешенінің баяу дамуы ауыл шаруашылығы шикізаты мен өнімін қайта өңдеу және сақтау жөніндегі кәсіпорындарын техникалық және технологиялық артта қалушылығында болып отыр.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының қуаттылықтарды пайдалану коэффициенті мыналарды құрайды :

өсімдік майы бойынша	-	67,4;
дәнді дақылдар бойынша	-	40,6;
сүт бойынша	-	25;
ет бойынша	-	15,8;
жеміс және көкөністер бойынша	-	15,8.

Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін техникалық жарактандырудың негізгі мақсаты ауыл шаруашылығы өндірісін озат және перспективалық технологиялардың ауыл шаруашылығы машиналарымен және технологиялық жабдықпен қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласындағы техникалық саясат мына міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

қажетті көлемде және елдің ауыл шаруашылығы өңірлерінің топырақ-климаттық жағдайларына бейімдендірілген қазіргі заманғы аса тиімді, бәсекеге қабілетті машиналар кешенімен өсімдік және мал шаруашылығы өнімін шығару, қайта өңдеу, сақтау жөніндегі перспективалық аумақтық технологияларды қамтамасыз ететін агроөнеркәсіптік кешенін техникалық қайта жарактандырудың мемлекеттік бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру;

қолда бар машиналар паркін жаңарту, сақтау және оның жұмыс қабілетін ұстау жөнінде бірінші кезектегі шаралар кешінен бекіту;

елдің ауыл шаруашылығы өңірлерінің топырақтық-климаттық жағдайларына бейімделген қазіргі заманғы жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті машиналарын өндіруді дамыту.

Негізгі проблемалар :

ауыл шаруашылығы техникасының және технологиялық жабдық тозуының жоғарылығы ;

технологиялардың бұзылуының салдарынан өндіріс өнімділігінің төмендігі, ауыл шаруашылығы жарамсақтығының жемістілігінің төмендеуі, ауыл шаруашылығы малдарының асыл тұқымдылық қорының қысқаруы және т.б.;

жанар-жағар май, құралдар мен материалдарға жоғары бағалар;
айналым қаражатының мейлінше жеткіліксіз көлемі және баламалы тарттық
капиталдың жетіспеушілігі;

тауарларды өткізу нарықтарына жеткізу кезінде жоғары көліктік шығыстар;
ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі;
мал шаруашылығындағы ұсақ тауар өндірісіне қайта ие болу. 80 %-дан астам
мал жеке адамның ауласында ұсталуда.

Осы факторлар мал шаруашылығы өнімдерінің ішкі нарықтағы төменгі
бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді және оның сыртқы нарыққа шығуы үшін негізгі
бөгет болып табылады.

Қабылданатын шаралар

Соңғы жылдары республиканың ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда
Мемлекет басшысы мен Үкімет қабылдаған бағдарламалардың арқасында мүмкін
болған оң нәтижелер байқалады: 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік
агроазық-түлік бағдарлама, Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010
жылдарға арналған агро-азық-түліктік бағдарламасы, Агроөнеркәсіп кешенін
тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы және "
Агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық аумақтардың дамуын мемлекеттік
реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған
тұжырымдамасы өндірісті жаңғырту және қайта жасақтау, оның
институционалдық және өнеркәсіптік инфрақұрылымдарын қаржылық,
инвестициялық, сақтандыру, ақпараттық институттар арқылы дамытуды және
салалық кластерлер құруды, сондай-ақ қауіпсіздікті және халықаралық
талаптарға сәйкес сапаны қамтамасыз етуді көздейді.

Осы шараларды іске асыру ауыл шаруашылығы саласын елдің ДСҰ-ға
мүшелілігі шарттарында ішкі нарықта импортталатын өнімдер бәсекесіне сапалы
дайындауды және отандық өнімдердің сыртқы нарықтарға шығуы үшін елеулі
плацдарм әзірлеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, аграрлық кешенді индустрияландыру өнімділік өсуінің
агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің салаларын техникалық жасақтаудың сапалы
өсуі, ғылыми-негізделген агротехниканы сақтау, ғылыми қамтамасыз етуді
күшейту және инновациялық әзірлемелерді енгізу, нақты сектордың
қажеттіліктеріне сәйкес кадрлық қамтамасыз ету жүйелерін қалыптастыру
жөніндегі кешендік шараларды қабылдау арқылы қамтамасыз етілетін базалық
факторларының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешеннің қазіргі заманғы дамуына, оның
ішінде, ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздіктің жүйелерін, ауыл
шаруашылығы өнімдерін дайындау жүйелеріне; агроөнеркәсіптік кешен

өнімдерінің көтерме саудасын қалыптастыруға; агроөнеркәсіптік кешеннің қаржылық және сақтандыру инфрақұрылымдарын дамытуға және оны ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуге барлық күш-жігер жұмсалады.

ДСҰ-ға кіру шеңберінде маңызды міндеттердің бірі агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің сапасын бақылауды және қауіпсіздігі тәуекелдерін бақылауды халықаралық талаптарға сәйкестендіру болып табылады. Тағам өнімдері қауіпсіздігінің проблемасы өндіріс жүзеге асырылатын жағдайдан бастап соңғы тұтынушыға дейінгі барлық тізбекті қамти отырып, кешенді сипатқа ие болады. Тәуекелдерді тиімді басқару ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру процестерінен бастап, оның барлық құрамдастарын қамти отырып, дайын өнімді қайта өңдеу, тасымалдау, сақтау немесе іске асыру процесімен аяқталатын тәуекелді және қарсы әрекеттерді алдын ала анықтауды қамтамасыз ететін халықаралық деңгейге сәйкес келетін бақылау жүйесінің болуын болжайды. Осы негізде ғана халықаралық стандартқа сәйкес келетін бәсекеге қабілетті өнімдер өндірісіне көшу мүмкін болады.

Көлденең және тікелей интеграция резервтерін пайдалану негізінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің өнімділігі мен сапасының өсу катализаторы кластерлік бастамаларды дамыту болып табылады.

Осылайша, осы шараларды іске асырудың көмегімен саланың өнімділігі мен табыстылығының өсуі және отандық өнімдердің бәсекелік артықшылықтарын дамыту негізінде агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет.

3.3. Санитарлық және фитосанитарлық шаралар

Көп жақты сауда жүйелерінің шеңберінде ДСҰ-ға мүше елдер өзара саудаға санитарлық және фитосанитарлық шаралардың теріс әсерлерін азайтуға ұмтыла отырып және мұндай шараларды қабылдау халықтың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында негізін қалаушы мақсат ретінде қызмет ететіндігін түсіне отырып, олар ұстануы тиіс белгілі бір ережелер қабылдады. Осы ережелер Санитарлық және фитосанитарлық шаралар қабылдау жөніндегі келісімде жазылған.

Санитарлық және фитосанитарлық шаралар қабылдау жөніндегі келісімнің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

ДСҰ-ға мүше елдер арасындағы бірдей немесе ұқсас шарттарда басым болатын кемсітпеушілік қағидаттары;

халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды үйлестіру;

басқа елдердің санитарлық және фитосанитарлық шараларын, олар импорттаушы елдің талаптарына сәйкес болғанда мойындау;

тәуекелді бағалау ұғымын енгізу;
зиянкестермен немесе аурулардан бос аймақтарды және зиянкестер немесе
аурулар елеусіз таралған аймақтарды тану;
қабылданатын санитарлық және фитосанитарлық шаралардың ашықтығы.

Елдің маңызды функцияларының бірі халықтың өмірі мен денсаулығын,
жануарлар мен өсімдіктерді қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Мысалы, ел нарыққа тұтынушының денсаулығы үшін қауіпті заттардан
тұратын тауарларды жібермеу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық
жүйені бекітеді. Сонымен қатар, елдің қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің
ажырамас бөлігі болып табылатын ветеринарлық бақылау және өсімдіктер
карантині жүйелері бар.

Осы жүйелер Қазақстанда нормативтік құқықтық базадан тұрады, яғни, әкелу
, өндіру және өткізу ережелерінен, заңдарынан, зиянды заттардың,
стандарттардың және т.б. шектік жол берілетін қоспалары, ауыл шаруашылығы
және тағам өнімдерінің қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкестігін бақылайтын
инспекторлар мен қызметкерлер, адамдардың, малдар мен өсімдіктердің зиянды
заттары мен ауруларының болуына зерттеу жүргізетін
интродукциондық-карантиндік питомниктер зертханалары жөніндегі
ережелерден тұрады.

Жалпы алғанда қазіргі таңда, Қазақстандағы санитарлық және
фитосанитарлық шараларды қолдану саласындағы негізгі заңдар "Халықтың
санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы туралы", "Ветеринария туралы", "
Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары -
Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісім
ережелеріне сәйкес келеді.

Сонымен қатар, ДСҰ Хатшылығымен және ДСҰ-ға мүше елдермен
санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөнінде ақпарат
алмасуды жүзеге асыратын Санитарлық, фитосанитарлық шаралар, саудадағы
техникалық тосқауылдар жөнінде Ақпараттық Орталық құрылды.

Сондай-ақ, ветеринария және өсімдіктер карантині саласындағы құқық
қолдану тәжірибесін Санитарлық және фитосанитарлық шаралар қолдану
жөніндегі келісімге сәйкестендіру мәселесі анағұрлым проблемалық аспект
болып табылады. Жекелей алғанда, санитарлық және фитосанитарлық
шараларды қолдану жөніндегі келісімнің талаптарын орындау мақсатында
зертханалардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту,
санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық және карантиндік ережелер мен
нормаларды халықаралық стандарттармен үйлестіру жүргізіледі.

Облыстық және аудандық ветеринарлық, карантиндік зертханалар үшін
зертханалардың материалдық-техникалық базаларын жақсарту саласында

зертханалық жабдық, диагностикалық препараттар және химиялық реактивтер
с а т ы п а л ы н у д а .

Сондай-ақ Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімнің талаптарына сәйкес қазіргі жүйені үйлесімдендіру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2009 жылға дейін Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімге сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлылығын, ветеринарияны және өсімдіктердің карантинін қамтамасыз ету жүйесіне келтіру жөніндегі іс-шаралар ж о с п а р ы ә з і р л е н г е н .

"Тағамдық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына е н г і з і л д і .

Бұл заң жобасының негізгі мақсаты адамның өмірі мен денсаулығы үшін Қазақстан Республикасы аумағындағы тұтынушылар мүддесін қорғау үшін тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Сондай-ақ 2007 жылы Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы қолданыстағы заңнамасына халықаралық нормаларға сәйкес ветеринарлық-санитарлық шараларды қолдануды жетілдіру саласында өзгерістер е н г і з у ж о с п а р л а н у д а .

Қазіргі уақытта, сыртқы нарыққа ену жолындағы елеулі бөгет елдегі ветеринарлық-санитарлық жағдаймен айтарлықтай дәрежеде анықталатын мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы болып табылады. Адамдар мен жануарлар арасында бруцеллез және туберкулез ауруының өсу үрдісі байқалады.

Бұл ретте, Қазақстанда көптеген қауіпті мал аурулар табиғи-ошақты болып келеді, яғни қоздырғыш жабайы жануарлар ағзасында ұзақ уақыт (100 жылға дейін) айналымда болады және топырақта және сыртқы ортаның басқа объектілерінде сақталуы мүмкін. Жануарлар ағзасында және сыртқы орта объектілерінде қоздырғыштарды тиімді анықтау үшін қазіргі заманғы жабдықпен және приборлармен жасақталған зертханаларға ие болу қажет.

Проблема, ауыл шаруашылығының жануарлары халықтың жеке аулаларында ұсталатындығынан ушығып отыр. Осыған байланысты, ауру малды сою және кәдеге жарату қауіпсіздігін бақылау мәселесі тұр.

Осылайша, елде 605 мал сою пункттері анықталған, ол нормативтік қажеттіліктің 35 %-ын құрайды, оның ішінде шамамен жартысына жуығы - үлгілік, қалғандары халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келмейді.

Мал көму орындары бойынша қамтамасыз етілу шамамен 70 %-ды құрайды, бірақ қолданбалылар - үлесі, яғни 80%-дан астамы халықаралық нормаларға с ә й к е с е м е с .

Шекара бекеттерінде кадрлар жетіспеушілігі байқалады және әсіресе, аудандық деңгейде кадрларды толық жасақтау жөніндегі мәселе тұр.

Мамандарды өсімдіктер карантині және зертханалық диагностика бойынша оқыту үшін баламалы отандық база жоқ.

Көрсетілген проблемалар тек қана ДСҰ-ға кіру жиынтығында емес сонымен қатар отандық өнімдердің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру шараларын қабылдауда қажеттілік туғызады.

Сонымен қатар, зертханалардың әлсіз материалдық қамтамасыз етілуі республиканың аумағына жаңа карантиндік объектілерді әкелу, ауруларды, генетикалық түрлендірілген өнімдерді әкелу қаупін арттырады.

Осыған байланысты зертханалық-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық базаны, ветеринарлық және карантиндік қызметтерді жақсарту қажет.

3.4. Техникалық реттеу жүйесі

Техникалық реттеу елдің индустриялық және әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асыру үшін жағдай жасаудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Техникалық реттеудің айқын және ашық жүйелерін жасаудың негізгі қағидаттары Саудадағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімде айқындалған.

Қазақстанның техникалық реттеу жүйесінің реформасы және оны өнеркәсіптік дамыған шетелдердің ұқсас жүйелермен жақындастыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2015 жылға дейінгі стратегиясында көзделген және алдағы Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінен туындаған.

Осыған байланысты 2005 жылғы 13 мамырда күшіне енген "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды және елдегі техникалық реттеу тәжірибесін өзгертуі тиіс болатын қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау үшін негіздемелік заң - заңды база болып табылады. Бұл заңмен біздің экономикамыздағы нарықты реттеуге мемлекеттің үлесі айқындалды.

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу жүйесін реформалаудың мәні оларды талап етудің міндеттерінде республикада нормативтік құқықтық акт мәртебесінде қабылдануы тиіс техникалық регламенттер қауіпсіздік деңгейін реттейтін болады, ал стандарттар қауіпсіздіктің белгіленген деңгейін, сондай-ақ сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ететін көрсеткіштер сынақтарының нормалары мен әдістемелерін қамтиды.

Осылайша, мемлекеттік араласудың және қоғамның қауіпсіз өнімді қолдануға мүддесінің қорғалу және өнім сапасы мәселесіндегі бизнестің теңгерімі қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Міндетті және ерікті талаптарды белгілеу кемсітпеушілік қағидаттарында жүзеге асырылуы тиіс: отандық және импортталатын өнімдерге, қызметтерге талаптардың теңдігі. Бұл Саудадағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімге сәйкес елдердің сауда қатынастары жүзеге асырылуы тиіс негізгі қ а ғ и д а т б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жоғарыда аталған заңды іске асыру үшін "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 64-ө ө к і м і қ а б ы л д а н д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 197 қаулысымен техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыру үшін мәжілістерінде жүргізілетін реформа мәселелері қарастырылатын және шешімдер қабылданатын Ведомствоаралық комиссия құрылды.

Бұдан өзге, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындалған (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы) .

14 мемлекеттік органда техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және сараптау үшін техникалық реттеу саласындағы Эксперттік Кеңестер құрылған, олардың қатарына индустрия және сауда, көлік және коммуникация, төтенше жағдайлар, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, қаржы, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, ішкі істер, қорғаныс, ауыл шаруашылығы, экономика және бюджеттік жоспарлау, энергетика және минералдық ресурстар министрліктері, ақпараттандыру және байланыс, жер ресурстарын басқару агенттіктері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті кіреді.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, қазіргі уақытта, бірыңғай заң жобасымен Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілген "Техникалық реттеу туралы" ҚР Заңына оларды сәйкес келтіру мақсатымен жаңа 5 заңды және қолданыстағы 33 заңға өзгерістер енгізуді қамтитын Техникалық реттеу саласындағы қажетті нормативтік құқықтық актілердің тізбесін қалыптастыру жөніндегі жұмысты ж ү р г і з д і .

Заңдардың ережелерін дамытуда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары деңгейінде техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бағдарламасының жобасы әзірленуде. Мұндай регламенттер 1 0 0 - д е н а с а д ы .

Стандарттар нарықтық экономика жағдайындағы техникалық реттеудің

тұтқаларының бірі ретінде қаралады. Сондықтан, ішкі және сыртқы нарықта өнімнің бәсекелестігін қамтамасыз етуге қабілетті оңтайлы нормативтік базаны қ ұ р у қ а ж е т .

Техникалық шешімдер үшін негіз ретінде халықаралық стандарттарды қолдану ДСҰ-ға мүшеліктің қажетті шарты болып табылады, өйткені халықаралық стандарттар көптеген елдердің тәжірибесі мен жетістіктерін шоғырландырады және оны игеру сыртқы нарықта жұмыс істеуге мүмкіндік беретін шек болып табылады.

Қазіргі уақытта, республикада 21 мың мемлекетаралық (МЕМСТ) және 1 442 мемлекеттік стандарттар жұмыс істейді, оның ішінде, халықаралық талаптармен үйлестірілгендері 56 % .

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1129 қаулысымен іске асырылуы қолданыстағы және республикадағы стандарттаудың, сәйкестікті растаудың және аккредиттеудің жүйесін халықаралық талаптарға және дамыған шетелдік елдердің осындай жүйелеріне барынша жақындастырылуы тиіс 2007-2009 жылдарға арналған техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы бекітілген.

Стандарттаудың мемлекеттік жүйесін дамыту тұжырымдамасы әзірленді, мемлекеттік ретінде халықаралық стандарттарды тікелей қолдану стандарттаудың мемлекеттік жүйесін дамытудың басымдықтарының бірі болып табылады .

2005 жылы халықаралық талаптармен 290 мемлекеттік стандарттар әзірленді және үйлестірілді және халықаралық талаптармен үйлестірілді, 2006 жылы 240 стандарт үйлестірілді, 2007 жылға арналған мемлекеттік стандарттау жоспарында 300-ден астам стандарттарды әзірлеу және үйлестіру көзделген.

2006 жылы ұлттық стандарттарды үйлестіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде негіз ретінде оларды пайдалану мақсатымен өнімнің әртүрлі түрлері бойынша 200 халықаралық стандарт сатып алынған .

Қазақстан кәсіпорындарының халықаралық стандарттарға жедел көшуі жөніндегі жоспар қабылданды (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 175-ө өкімі).

Қазақстанның Стандарттарды әзірлеу мен қабылдаудың адал практикасы кодексіне қосылу жөніндегі шаралар қабылдануда.

Осы Кодекске сәйкес стандартты әзірлеу жоспарын жариялау кезінде халықаралық немесе шетелдік ұқсасты көрсету міндетті болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстан мынадай Халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады: Стандарттау (бұдан әрі - ИСО), Заңнама метрологиясы (бұдан әрі - ЗМХҰ), Халықаралық электротехникалық комиссия (бұдан әрі - ХЭК).

Сондай-ақ Қазақстан мынадай стандарттау жөніндегі ИСО-ның 7 техникалық комитеттерінің қатысушы мүшесі ретінде ИСО Хатшылығы тіркеген: түсті металдар, мұнай және газ өнеркәсібіне арналған жабдық, стандарттарды әзірлеу кезінде республиканың мүдделерін неғұрлым белсенді білдіретін терминология ж ә н е қ ұ ж а т т а м а .

Одан әрі Қазақстан ИСО-ның мынадай комитеттерінің мүшесі болуды жоспарлауда: "Болат" (ТК 17), "Ауыл шаруашылығына арналған тракторлар мен машиналар" (ТК 23), "Мұнай өнімдері мен майлар" (ТК 28), "тамақ өнімдері" (ТК 34), "Құрылыс конструкциялары" (ТК 59), "Судың сапасы" (ТК 147), " Феррокорытпалар" (ТК 136) және басқалары.

3.5. Жеңіл өнеркәсіп

Тоқыма және киім жөніндегі келісім

Тоқыма және киім жөніндегі келісім ДСҰ-ның негіз құрайтын салалық келісімдерінің бірі болып табылады. Бұл құжат тоқыма мен киім бөлігіндегі ДСҰ-ның Қазақстанға кіруі жөніндегі міндеттемелерін қабылдаудың негізгі реттеу құралы болып табылады.

Көптеген онжылдықтар бойы тоқыма мен киімнің әлемдік саудасы ГАТТ жүйесінің шегінен тыс қалды, ал 1973 жылдан бастап ол Политалшықты материалдар бойынша уағдаластық деп аталатынмен реттеле бастады. Бұл келісім импорттаушы және экспорттаушы мемлекеттер арасындағы "ерікті" шектеулер туралы екіжақты келісімдердің жүйесін заңдастырып, халықаралық сауданың жалпы ережелерінен тоқыма өнімі мен киімнің саудасын нақты алып қоюға алып келді, яғни ГАТТ тыйым салған сандық шектеулердің тетігі.

Осы сектордағы әлемдік саудаға ГАТТ қағидаттары мен ережелерін біртіндеп тарату Уругвай раундының маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. Тоқыма және киім жөнінде жасалған келісімнің мақсаты политалшықты материалдар бойынша уағдаластықтың күшін 2005 жылдың 1 қаңтарына біртіндеп аяқтауды қамтамасыз етуден тұрады. Бұл мақсат сандық шектеулерді, әсіресе Уағдаластық шеңберінде келісілген екіжақты квоталарды біртіндеп жою жолымен жүзеге асырылды. Басқаша айтқанда, қандай-да бір тоқыма тауарының импортын квоталауды тоқтату осы өніммен саудаға ГАТТ 1994 белгілеген жалпы ережелер тарала бастайтынын білдіреді.

Тоқыма және киімнің әлемдік саудасына "ықпалдасу" бағдарламасы төрт кезеңнен тұрады және халықаралық сауданың барлық осы сегменті 2005 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей ГАТТ 1994 қағидаттары мен ережелерінің жалпы жүйесіне енгізілуі тиістігін көздейді. Тоқыма және киім жөніндегі келісімнің ережелерімен көзделгендей 2005 жылғы 1 қаңтарда тоқыма тауарларымен

халықаралық саудадағы барлық импорттық квоталар жойылды, ал Келісімнің өзі өмір сүруін тоқтатты. Енді, осы тауарлармен әлемдік сауда ДСҰ-ның жалпы ережелерімен реттеледі.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің сипаттамасы толық көлемде ұлттық экономиканың жалпы ерекшеліктерін көрсетеді, өйткені экономиканың бұл саласы біраз көлемде төмен қосылған құнмен өнімді шығарады. Шикізат пен жартылай фабрикаттар да экспорттың негізгі бөліктері болып табылады. Өндірістің жалпы көлеміндегі түпкілікті өнімнің үлесі өте төмен - бірнеше пайызды ғана құрайды.

Отандық кәсіпорындар мен олардың өнімі проблемасының шиеленісуі 2005 жылғы 1 қаңтарда күшіне енетін тоқыма мен киім саудасының жаңа ережелері шеңберінде анық көрініс береді.

Әлемдік саудадағы негізгі үрдістер:

1. Салыстырмалы артықшылықтармен елдер үшін салдарлар (арзан жұмыс күші).

Экспорттық квота жойылған кездегі сауданың жаңа жағдайында өндірісті бөлшектеуге негізделген жаһандық өндірістің осалдығы бірінші кезеңге шығады. Кез келген ел үшін бірнеше елде бір мезгілде стадиялары бойынша орналастырылған өндірісті үйлестіру үшін өте маңызды жеткізулер мен өндірістегі іркілістерден, көлік шығындарынан бас тарта отырып, егер, ол тоқыма және тігін тауарларын шығарса, неғұрлым тиімді және арзан болады. Сондықтан, квоталарды жою жағдайында шағын және алыс және түпкілікті дайындау (киімді әзірлеу) процесіне тартылған елдер неғұрлым осал болады.

2. Квоталарды жою табиғи шикізатты өсіруден дайын өнім шығаруға дейін тоқыма тауарлары мен киімді шығарудың барлық стадиясын жүзеге асыратын елдер үшін жақсы перспективалар ашады.

Қазіргі уақытта, Қытай, Үндістан, Индонезия осындай елдер ретінде қарастырылады. Бұл ретте, киімді шығарушылардың бәсекелестік қабілетінің неғұрлым сындарлы факторларының бірі болып жоғары сапалы тоқыма өніміне қолжетімділік табылады. Тұтастай алғанда, дамыған елдердің нарығындағы бәсекелестік экспорттаушылар мен ішкі өндірушілер арасында елеулі көлемде шиеленіскен.

3. Тұтыну емес секторында тоқыма өнімін тұтынудың өсуі орын алуда. Тоқыма саласының өзі елеулі өзгеріске ұшырауда, тұтынудан "техникалық тоқыма" деп аталатын тұтыну емес секторына бағытталуда.

Бұл сектор тоқыма саласындағы неғұрлым серпінді дамушы сектор болып табылады. Бұған төсек жапқы, қаптағыштар, сүзгілер мен абразивтік материалдар, жылу сақтайтын және қанды сорып алатын материалдар, дене мен жиһазды күтуге арналған заттар, белдіктер, қауіпсіздік белдіктері, басқа да

арнайы материалдар мен тауарлар. Кейбір бағалаулар бойынша бұл сектор тұтыну секторына қарағанда екі есе өсуде және тоқыма тауарларымен барлық сауда көлемінің шамамен жартысын құрайды. Осы өндіріс техникалық және технологиялық жарақтандыруды, білікті мамандардың болуын талап етеді және негізінен дамыған елдерде шоғырланған.

4. Бәсекеге қабілеттік қызметтер секторына ауысуда.

Төмен жалақысы бар дамушы елдердің артықшылықтары бар, алайда, болашақта мынадай факторлардың сындарлы мәні болады - уақыт факторы, менеджменттегі дағдылар, дизайн, жабдықтау, логистика, бөлшек сауда. Қазіргі уақытта, бұл артықшылықтарға негізінен дамыған елдер ие.

5. Ірі бөлшек құрылымдарының - бөлшек компанияларының жетекші рөлі.

Бұл компаниялардың нарықты дамыту туралы маркетингтік ақпараты бар, жеткізушілерге және т.б. қысым көрсету үшін жеткілікті қуаты және нарықтық билігі бар. Жеңіл өнеркәсіп тауарларын экспорттаушылардың қатарына кіруге тырысатын елдер үшін өзіндік кластерлерін осы бөлшек құрылымдарға шоғырландыру өте маңызды.

6. Телекоммуникациялардың және энергиямен жабдықтаудың дамыған және сенімді инфрақұрылымының болуы.

Бұл факторлар маңызды рөл атқарады, өйткені олардың арқасында өндірушілер жедел мерзімде жоғары қосылған құнмен салалардағы нарықтың өзгерістеріне ден қоюы мүмкін. Сондықтан, осы салалардағы тиімді реттеу, инвестициялар және бәсекелестік орта отандық өндірушілердің бәсекеге қабілетін айқындайды.

7. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау.

Бұл қорытынды кәсіпкерліктің өсуінде сындарлы компоненттер ретінде білімнің деңгейін арттыру ұстанымынан маңызды.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің қазіргі жай-күйі мынадай сәттермен сипатталады:

тұтастай алғанда, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіптің әрбір кіші саласынан өндірістің көлемдерін жалпы елеулі төмендету;

елдің ІЖӨ-де экономиканың осы саласының үлесін қысқарту;

сала кәсіпорындарының елеулі және тұрақты шығындылығы;

тиімсіз және бәсекелес емес өндіріс;

өндірілетін өнімнің жалпы номенклатурасында төмен қосылған құнмен шикізат пен тауарлардың басым болуы;

импорттың Қазақстанның ішкі нарығында басым болуы.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібі өз дамуының күрделі кезеңін өткеруде. Өткен ғасырдың 90 жылдары осы саланың үлесіне республикалық бюджеттің үштен бірі келген нарықтық қайта құрулар барысында

сала бюджеттің кіріс көзі ретінде өзінің салмақты рөлін жоғалтты. Бұдан өзге, соңғы онжылдықтың экономикалық және құрылымдық қайта құрулардың нәтижесі болып ішкі нарықтағы елеулі үлесті жоғалту және отандық кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетінің әлсіреуі болды.

Жеңіл өнеркәсіп өнімін тұтынудың жалпы көлемінде импорттық өнімнің басым болуын және сала кәсіпорындарының көпшілігінің күрделі экономикалық жағдайын осының салдары деп қарау қажет.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2005 жылы тоқыма және тігін өнімдерін шығару 32,5 млрд. теңгені (немесе 244,4 миллион АҚШ долларындағы соманы) құрады, ол 2004 жылмен салыстырғанда 12,9 %-ға аз (37,3 млрд. теңге).

Бұл ретте, 2003 жылы 49,2 млрд. теңгеге тоқыма және тігін өнеркәсібіндегі өнім шығарылды, ол олардың үлесіне қызметтің осы түрінің үштен екі көлемі келетін мақта талшығын, төсекжапқыны, кілемдер мен кілем бұйымдарын, бас киімді, пальто мен жартылай пальтоны, табиғи теріден жасалған тондарды шығаруды қысқарту есебінен 2002 жылдың деңгейіне 98,6 % құрайды.

2005 жылы тоқыма бұйымдарын ішкі тұтыну 254,4 миллион АҚШ долларын құрағанын атап өту керек. Бұл ретте, тауарлардың жалпы импортындағы тоқыма және тігін өнімінің үлестік салмағы шамамен 1,3 % құрайды.

Осылайша, 2005 жылы тұтыну көлемінің 80 % астамы импорттық өнімнің е с е б і н е н ө т е л г е н .

Мәселен, 2005 жылы кеден статистикасының деректері бойынша тоқыма және тігін өнімінің импорты 223,9 миллион АҚШ долларын құрады, ол 2004 жылмен салыстырғанда 42 % көп (157,1 млн. АҚШ доллары), ал 2006 жылдың қаңтар - қыркүйегінде 200,7 миллион АҚШ долларын құрады.

Бұл ретте, 2003 жылы республиканың аумағына 146,6 миллион АҚШ долларындағы сомаға тоқыма және тігін өнімі әкелінген.

2005 жылы Ресей Федерациясынан импорт 20 %, алыс шетелдерден - 60 % - дан астамды, атап айтқанда, Қытайдан (25,1 %) және Түркиядан (5,6 %) құрады.

Дайын киім (тоқыма және тігін бұйымдарының жалпы импортында 40 %), мақта - (орташа алғанда 15 %), тоқыма материалдары - (орташа алғанда 15 %), тоқыма материалдары (16 %) 2005 жылы негізгі импортталатын тауарлар болып т а б ы л д ы .

2005 жылы тоқыма және тігін өнімінің экспорты 213,9 миллион АҚШ долларын құрады, ол 2004 жылмен салыстырғанда 13,2 % көп (189 миллион АҚШ доллары), 2006 жылдың қаңтар - қыркүйегінде 182,9 миллион АҚШ долларын (өсім 36,0 %) құрады.

2003 жылы 5 миллион АҚШ долларына ғана тоқыма және тігін өнімінің өнімдері әкелгенін атап өту қажет.

2005 жылы ТМД елдеріне орташа алғанда тоқыма және тігін өнімінің 35 %, алыс шетелге шамамен 60-65 % экспортталды.

А я қ - к и і м н а р ы ғ ы

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2005 жылы пима және фетр аяқ-киімін шығару 383,3 мың жұпты құрады, ол өткен жылмен салыстырғанда 13,9 %-ға аз.

Бұл ретте, спорттық және қорғаудан басқа - 873,4 мың жұп (20,6 % өсім), оның ішінде, үсті теріден жасалған аяқ-киім - 372,6 мың жұп (өсім 77,3 %) аяқ-киім өндірісінің өсуі байқалуда.

Сондай-ақ, 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы аяқ-киім өндірісінің өсуі б а й қ а л у д а .

Мәселен, спорттық және қорғауды қоспағанда, аяқ-киім өндірісінің көлемі, өндіріс көлемі 969 мың жұпты (өсім 45,3 %), оның ішінде, үсті теріден жасалған аяқ-киім - 334,8 мың жұпты (өсім 53,5 %) және пима және фетрлік аяқ-киім өндірісінің көлемі 393,4 мың жұпты құрады.

Елдің аумағына аяқ-киім импортының ұлғаюы жыл сайын байқалуда.

Мәселен, 2005 жылы 42,5 миллион АҚШ доллары сомасына аяқ-киім импортталды, ол 2004 жылдың көрсеткішінен (21 миллион АҚШ доллары) екі есе асады. 2003 жылы аяқ-киім импортының көлемі 21,2 миллион АҚШ долларын құрады, ол 2004 жылдың көрсеткішінен 0,6 % асады. Бұл ретте, 2006 жылдың 9 айы үшін аяқ-киімі импорты 28,8 миллион АҚШ долларын құрады, ол 2005 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 8,2 %-ға көп.

Аяқ-киім импортының негізгі көлемі алыс шетелден (аяқ-киім импортының 85 % астамы), атап айтқанда, Қытайдан (65 % астам) жүзеге асырылады.

Аяқ-киімінің экспорты аз ғана көлемдермен сипатталады. 2005 жылы экспорт 5,4 миллион АҚШ долларын (өсу қарқыны - 171,6 %), 2006 жылдың 9 айы үшін - 2,4 миллион АҚШ долларын (36,3 % төмендеу) құрады.

Бұл ретте, 2004 жылы аяқ-киім экспортының өсуі байқалуда, ол 2003 жылмен салыстырғанда 6,8 %-ға ұлғайды және 3,1 миллион АҚШ долларын құрады. 2003 жыл үшін экспорттың көлемі 2,9 миллион АҚШ долларын құрады.

2005 жылы аяқ-киім негізінен ТМД елдеріне (99,3 %), оның ішінде, Қырғызстанға (57,3 %), Тәжікстанға (21,9 %) және Ресей Федерациясына (18,2%) э к с п о р т т а л д ы .

Жеңіл өнеркәсіптің тұтыну тауарларының ресурстарындағы отандық өнімнің үлесі 10 % аспайтынын атап өту қажет.

Қалған өнім "қоржындық" импорт арқылы және контрабандалық жолмен түседі. Бұдан өзге, нарық жалған және жасанды өніммен толтырылған. Әрине, елдің ішіндегі жасанды өнімдерді шығарушы "көлеңкедегілер" салықтар т ө л е м е й д і .

Сондай-ақ импорттық жалған тауарлар Қазақстанға, негізінен контрабандалық жолмен түседі және кеден салығы салынбайды.

Бұдан өзге, заңды импорт кезінде тауардың келісім-шарт құнының төмендеуі орын алады, яғни осы кедендік статистикадағы айырмашылықтар себебіне сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тауар, тауар кодының өзгеруі, құндық және сандық мәндерінің азаюы туралы шын емес мәліметтерді беру ж а т а д ы .

Сондай-ақ республика аумағындағы импортталатын жеңіл өнеркәсіп шығу және өнімнің қауіпсіздігі сертификаттарын берусіз өткізілетінін ескеру қажет.

Қазіргі уақыттағы бұл жағдайлар жеңіл өнеркәсіп өнімінің отандық өндірісін дамытуға елеулі кедергі (қуатты пайдаланудың өсуі, тиімділікті арттыру) болып т а б ы л а д ы .

Осындай жолмен, қазіргі уақытта жеңіл өнеркәсіптің отандық тауарлары төменгі баға сегментінде салыстырмалы түрде бәсекеге қабілетсіз болып т а б ы л а д ы .

Сонымен бірге, жеңіл өнеркәсіпті дамытудың тұрақтылығы сондай-ақ үш басқа да факторлармен айқындалады:

с а п а м е н е д ж м е н т і ;
н а р ы қ т ы ң ө л ш е м д е р і ;
т е х н о л о г и я л а р .

Индустриялық елдердің экономикасының дамуында жеңіл өнеркәсіптің рөлі өте үлкен екенін атап өту қажет.

АҚШ-тың жеңіл өнеркәсібі елдің ірі секторларының бірі болып табылады. Бұл салада басым бөлігі шағын 6 мыңнан астам кәсіпорындар, оның ішінде дәстүрлі жабдықты пайдаланатын отбасы кәсіпорындары жұмыс істейді. Алайда, бұл кәсіпорындар ірі жоғары технологиялық компаниялармен тығыз байланыста жұмыс істейді, ол оларға технологиялар мен өндірістің қазіргі заманғы бағыттарында қозғалуға мүмкіндік береді.

Италияда жеңіл өнеркәсіп елдің ІЖӨ-нің 35 % дейін қалыптастырады, осы саладағы шағын және орта кәсіпорындардың үлесі 75-80 % дейін жетеді.

Сондай-ақ сапалы адам капиталының болуы жеңіл өнеркәсіпті табысты дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені қазіргі жағдайда экономикалық өсу ғылыми-техникалық прогреспен және бірінші кезекте еңбек ресурстарының кәсіби сапасымен байланысты болады.

Қ а б ы л д а н а т ы н ш а р а л а р

Қазіргі уақытта, шикізат ресурстарын ұқсатудың деңгейін тереңдету және шикізаттың экспортынан мақта талшығының құнынан төрт есе қымбат дайын тоқыма өнімінің экспортына көшу жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты, отандық тоқыма өндірісін дамыту неғұрлым жоғары технологиялық

деңгейде

жүзеге

асырылады.

Қойылған міндеттерді шешу мақсатында "Экономиканың басымды секторларында пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы қаулысы, сондай-ақ оған сәйкес "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі N 1605 Жарлығы қабылданды.

Кластерлік тәсілді таңдау білімдерді, дағдыларды беруге, жаңа жабдықтар мен қызметтерде пайдалануға жәрдемдесетін күшті байланыстар мен тұрақты өзара іс-қимылдарды құру кәсіпорындардың бәсекелестік ілгерілеуінің басты шарты болып табылатындығымен байланысты.

2005 жылдың маусымынан бастап "Қазақ Орыс тоқыма альянсы" АҚ жұмысын бастады. Тоқыма фабрикасы Швеция, Бельгия және Германия шығарған жартылай автоматтармен жарақтандырылған. Фабрика мақтаны өңдейді және қатты (өңделмеген) мақта-маталарды шығарады. Өнім бұдан әрі әлемдік стандартқа сай қазіргі заманғы бөлшек кешені салынған және әлемдік нарыққа бағытталған Тейковск мақта-мата комбинатына (Ресей) жіберіледі.

2005 жылдың ақпанынан бастап "ЮТЕКС" мақта талшығын шығару жөніндегі фабриканың бірінші кезегі іске қосылған. Екінші кезектің дайындық іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс істеп тұрған мақта тазарту зауытына мақта талшығын әзірлеуден бастап мынадай орта нөмірлердегі мақта-мата жіптерін шығаруға дейін толық өндірістік циклды құру жоспарлануда: N 50 таралған жіп, N 34 кардтық жіп, N 20 қалдықтардан жасалған жіп. Кәсіпорын жіптің негізгі үлесін алыс және жақын шетелге экспортқа жіберуді жоспарлауда. Қалған бөлігін түпкілікті өнімге дейін жеткізу болжануда.

"Меланж" ЖШС-де жылына 4900 тоннаға дейін мақта-мата жібін шығаруының қосымша ұлғаюымен жіп иіру өндірісін кеңейту жөніндегі инвестициялық жоба іске асырылған. Одан 80 % элиталық алабажактігілген, тегісбоялған, толтырылған, матаның әртүрлі суретін салумен мөр өңделетін болады. Өңдеудің барлық түрінен өткен маталар аз отырғызылатын, аз алынатын, шағын грифті, жағымды жылтыраулы және лоскты болады. Жобаны тоқыма жобаларын әзірлеу жөніндегі әлемдік көшбасшы ЛТГ инжинирингтік компаниясы әзірлеген. Еуропаның тоқыма машина жасауының жетекші компанияларының технологиялық жабдығы пайдаланылады.

Өскемен қаласында "Нимекс-Текстиль" ЖШС-і "Синтетикалық жіпті қосумен жүн және мақта жіптері мен маталарын шығару" инвестициялық жобасын іске асыруда. Жобаны "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қаржыландыруда.

Бұрынғы "Қостанайхимияталшық" зауытының базасында 2004 жылдың сәуірінде мета-арамидтік жіптерді шығару жөніндегі "Қазхимияталшық" ЖШС-і

кәсіпорны құрылды. Жоғары технологиялық өндірісті дамыту жөніндегі осы жобаны іске асыру Қазақстан Республикасындағы мұнайхимия өнеркәсібін дамытуға серпін береді және жаңа синтетикалық жіптерді жасау бөлігіндегі тоқыма саласын одан әрі дамытуға жәрдемдеседі.

2006 жылдың қыркүйегінің басында кешен жұмыс істеуін бастады. Жарты жылдың ішінде жабдықты қосалқы жинақтау аяқталады және зауыттың өндірістік қуаты жылына 325 тоннадан 1500 тоннаға дейін ұлғаяды. "Қазхимияталшық" ЖШС-нің басшылығы "Химпром" ресей ғылыми-өндірістік бірлестігімен - ассортиментті кеңейту үшін ноу-хауды әзірлеу және мета-арамидтік жіптердің сандық көрсеткіштерін жақсарту туралы және "Бәйтерек" қазақстан-ресей бірлескен кәсіпорны" АҚ-мен - зымыран жасауда зауыттың өнімін қолдану туралы екі меморандумға қол қойды.

Қазақстандық нарыққа қытай тауарларының, әсіресе, жеңіл өнеркәсіп тауарларының, (аяқ-киім, тоқыма және т.б.) импортының елеулі экспансиясын ескере отырып, Үкімет қытай тоқыма өнімінің зор ағынының алдын алу жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а у д а .

Бұл ретте отандық өндірістің өсуін ынталандыру (шикізатқа бажды төмендету, жабдықтарды импорттаған кезде ҚҚС төлеуден босату) мақсатында қабылданған барлық жоғарыда аталған шараларға қарамастан, Қазақстанда өндірілген тауарлар Қытай Халық Республикасынан жеткізілетін тауарлардан бағасында елеулі айырмашылықтың болуы салдарынан бәсекеге қабілетсіз екенін а т а п ө т к е н ж ө н .

Мысалы бүгінгі күні қолданылып жүрген импорттық кедендік баж ставкалары әкелінетін жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне қатысты пәрменді шара көрсетпейді. Осындай жағдай өнімнің едәуір бөлігі ішкі нарыққа қоржындық импорт арқылы және контрабандалық жолмен келіп түсетіндігімен түсіндіріледі.

Осыған орай, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының кеден аумағына жеке тұлғалар әкелетін тауарларға жиынтықты кедендік төлем ставкаларын арттыру, оның ішінде қолданыстағы жиынтықты кедендік төлемге құрайтын (тауар бірлігі үшін ЕУРО) ерекшелікті қосу мәселесі қаралуда.

Сондай-ақ жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдік және қарапайым тәртіпте тасымалдауының салмақтық және құндық нормаларын қысқарту мүмкіндігі қ а р а л у д а .

Осыған орай, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында өңірлік интеграциялық бірлестіктер шеңберінде қабылданған және ДСҰ-ға кіру шеңберінде қабылданған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының басымдықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының икемді кедендік-тарифтік саясатын жүргізу а й ы қ ш а м ә н г е и е б о л а д ы .

Осындай қадамдардың бірі "Қазақстан Республикасының кедендік тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 765 қаулысын қабылдау болып табылады.

Осы қаулымен Қазақстан Республикасының Кедендік тарифі, Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес (бұдан әрі - СЭҚ ТН) жүйеленген Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы апарылатын тауарларға қолданылатын кедендік баждардың әкелу және әкету ставкаларының тізімі бекітілді. СЭҚ ТН-ға сәйкес кедендік баждардың осы жүйеленген ставкалары 10 белгі деңгейінде түсіндіруді оңайлатуға және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тауарларды апаруы кезінде кедендік баждарды біркелкі қолдануға бағытталған.

Қазақстан ДСҰ-ға кіру жөніндегі осы келіссөздер сатысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы тарифімен салыстырғанда кедендік импорттық баж ставкаларын байланыстырудың жоғары деңгейін көздейтін тоқыма өнімдер мен аяқ киімдер бойынша жоғары тарифтік қорғауды қалайтынын атап өткен жөн. Бұл ретте отандық нарықтың барлық мүдделі қатысушылары, әсіресе өндірушілері тартылады.

Осыған байланысты ДСҰ-ға мүше елдермен ДСҰ-ға кіру жөніндегі екі жақты келіссөздерде Қазақстан Республикасының келіссөз ұстанымы Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіргеннен кейін де жеңіл өнеркәсіп нарығын дамыту үшін оңтайлы жағдайларды қалыптастыруда қорытылатынын атап өту қажет.

3.6. Ағаш өңдеу өнеркәсібі

3.6.1 Сүрек

Қазақстан жалпы көлеміне қатысты орман ресурстарының қоры шектеулі үлкен ел. Қазақстан Республикасының орман жабылған жерінің жалпы ауданы Республика аумағының 4,2 % құрайтын 11,43 млн.га алып жатыр. Ормандардың елеулі бөлігі бұталы алқаптар мен жапырақты түрлері болып келеді. Сексеуілдер 5 млн. га, қайың шамамен 1 млн.га, емен шамамен 900 мың га., май қарағай 400 мың.га, көктерек 300 мың.га. дейін өседі.

Жас ерекшелігі бойынша: орта жасына қарай - 31,3%, пісіп жетілген және тоқтап қалған - 28,6%, пісіп үлгергендері - 25,1%, жастары - 15%.

Республика бойынша жалпы қордан алғанда сүректің негізгі орманды құрайтын түрлерінің едәуір қоры Шығыс Қазақстан облысына - 47%, Солтүстік Қазақстан облысына - 18,6%, Алматы облысына - 10,7%, Павлодар облысына - 8,1 % - де н к е л е д і .

Қазіргі кезде Қазақстанда ағаш өңдеу саласында 550-ден астам кәсіпорын тіркелген, оның ішінде шамамен 400 кәсіпорын нақты жұмыс істейді.

Алайда жиһаз өндірісінің көтерілуі мен дамуына қарамастан, көрсеткіштерінің қатары бойынша, әсіресе еңбек өнімділігі бойынша жетекші шет елдерден артта қалуы сақталып отыр (отандық жиһаз өнеркәсібінде бір жұмыс істеушіге жылдық еңбек өнімділігі Италия мен Германияда 100-150 мың АҚШ долларына қарағанда 5-10 мың АҚШ доллары).

Жиһаз импортының 50% ТМД елдері, оның ішінде: Ресей Федерациясы - 35 %, Белоруссия - 8,2 %, Украина - 3,5 %, Әзірбайжан - 0,5 %, басқа елдерден шамамен 17 % - Қытай, 11,3 % - Италия, 8,9 % - Польша, 5,1 % - Түркия құрайды. Осылайша 80 % астам импортталатын жиһаз Қазақстанда өндірілуі ықтимал орташа баға санатына жатады.

Қазіргі кезде жиһаз саласындағы өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі жаңа жоғары технологиялық жабдықтарды, қазіргі заманғы материалдар мен жиынтықталатын пайдалану, ISO стандартының сапа менеджментінің жүйесін, бұйымдарды жобалау мен дизайны бойынша ақпараттық және компьютерлік технологияларды енгізу есебінен қамтамасыз етіледі. Осы кәсіпорындардың өнімі негізінен баға мен сапа бойынша бәсекеге қабілетті болып табылады. Мысалға жеңіл жиһаз бойынша отандық өндірушілер эксклюзивті қымбат моделдерін қоспағанда, отандық нарықта 70%-ға дейін орын алады.

Негізгі проблемалар:

ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларының балансталмаған дамуы, атап айтқанда ағаш дайындау және ағаш кесу өндірісінің барынша артта қалуы; ағаш өңдеуші кәсіпорындардың қылқанжапырақты жоғары сапалы сүреппен, импорттық сүректердің бағалы түрлерімен қанағаттанарлықсыз қамтуы; дайын өнімдерді терең және кешенді қайта өңдеу мен өндірудің жеткіліксіз дамуы.

Бүгінде ағаш өңдеу саласын дамытуға үйеңкі сүрегінің бағалы түрлерінен терезелік және есіктік блоктарын өндіру жөніндегі іске асырылған инвестициялық жобалар (компания "РЕИЗ"), Өскемен зауытында ДВП өндіруді қалпына келтіру елеулі ықпалын тигізуде.

Республиканың солтүстік шығысында жалпы қуаттылығы 2,5 млн. шаршы метр ағаш дайындау және ағаш кесу өндірістерін құру қажет.

Ағаш үй салу бойынша қуаттылықтарды құруды дамудың маңызды бағыты ретінде санауға болады. Үздік әлемдік технологияларды енгізумен бірге тиісті инвестициялық жобалар Шығыс Қазақстан облысында әзірленіп жатыр.

Ағаш үйлерін салу жөніндегі қуаттарды құруды аса маңызды даму бағыты деп санау керек. Озат үздік әлемдік технологияларды енгізе отырып, жасалған тиісті инвестициялық жобалар Шығыс Қазақстан облысында әзірленуде.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес республиканың барлық өңірлерінде, оның ішінде ауыл шаруашылығы айналымынан шығарып тасталған депрессивтік және сирек орманды жерлерде жедел технология бойынша ағаш өсірудің селекциялық тәлімбағы мен плантацияларын құруды көздеу қажет.

Бұрынғы орман өнеркәсібі шаруашылығы ауылдарын оңалту жұмыс орындарынан айырылып қалған тұрғындарды күзетке, орманды қалпына келтіруге және сүректің қылқанжапырақты түрлерін өнеркәсіптік плантациялық өсіруге тарту туралы өзекті мәселе тұр.

3.6.2. Қағаз

Целлюлозды-қағаз өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарының қызметі гофрирленген картонды, қағаз және картонды ыдыстарды өндіруге, шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы қағаз бұйымдарын өндіруге шоғырланған. Еліміздің целлюлозды-қағаз саласының дамытуға қағаз ("Қазақстан Қағазы", "Сеймар" корпорациясы), картон ("Қаполиграф"), тұс қағаз ("Әйгерім") өндіру бойынша тұтастай алғанда іске асырылған инвестициялық жобалар оң әсер етті. Осы кәсіпорындар жаңа болып табылады, мұнда қазіргі заманғы технологиялық жабдықтар енгізілген, қазіргі заманғы және жиынтықтайтын материалдар қолданылады.

Гофрирленген ыдысты өндіру бойынша осы кәсіпорындарды қоспағанда, ірі кәсіпорындар мыналар: "Казупак" ЖШС, "Эконика" ЖШС, "Қазгер" ЖШС, "Қос АУПП-І" ЖШС, "Гофротара" ЖШС және "Гофропак" ЖШС болып табылады.

Қазіргі кезде тұс қағаздарын ұсынатын Қазақстандағы әрлеу материалдарының нарығы отандық өндірушілердің тұс қағаздарымен де таяу және алыс шетелдерден әкелінетін тұсқағаздармен молықтырылған.

Қазақстан Республикасында тұсқағаздарды шығару өнеркәсіптік ауқымда Алматы қаласында 1995 жылы басталды. Өнімдердің түрлері тұс қағаздардың 800 артикулдарға дейін жетеді.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде 3 фабрика жұмыс істейді: Алматы тұс қағаз фабрикасы (айына 450000 орам), Қостанай тұсқағаз фабрикасы (125000 орам), "Шымкент тұсқағаздары" фабрикасы (айына 125000 орам).

Соңғы жылдары тұсқағаздардың бұдан да қымбат түрлеріне сұраныс ұлғайды - ылғалға төзімді жабындысы бар, жуылатын, акрильді, винильді, жібекпен өрнектелген және өзгелері. Жыл сайын тауарлардың осы түрлеріне сұраныстың ұлғаюы 5-7%-ды құрайды. Қазақстан Республикасының тұсқағаз фабрикалары құрылыста пайдаланылатын тұсқағаздардың барлық түрлерін шығармайды. "Жібек", "акрил" түріндегі винильді тұсқағаздар шығару жөнінде жаңа өндірістер ашу - Республикада іс жүзінде нарықта сұранысқа ие болған барлық

тұсқағаздардың ассортиментін шығаруды толық қамтамасыз ететін саланы дамытудағы перспективалы бағыт болады.

Қазіргі уақытта целлюлозалық-қағаз өнеркәсібінің одан әрі дамуында стандартты төрт клапанды гофроқорап, сол сияқты көп түсті таңбасын басу мүмкіндігі бар микро-грофа және бес қабатты гофроыдыс өндірісі көзделген гофро өндірісінің құрылысы жобасы қаралуда. Осы жоба Алматы қаласында "Қазақстан қағазы" кәсіпорны арқылы іске асырылады.

"Қазақстан қағазы" АҚ қағаз-картон комбинаты - бұл импорт алмастыру бағдарламасының шеңберінде құрылған Қазақстанның Даму Банкі қаржыландыратын, өндірістің көлемдерін ұдайы өсіретін және шығарылатын өнімдер ассортиментін кеңейтетін серпінді дамушы кәсіпорын.

Зауыт 2001 жылғы ақпанда пайдалануға берілді. Шығарылатын өнімдердің негізгі түрлері қағаз, картон, гофрокартон, гофроөнімдер.

Комбинат екі қағаз жасаушы машиналарды, сондай-ақ өндірістік қуаттылығы 72 мың тонна қағаз және 113 млн. м². кең ассортименті гофроөнімдер шығаруға мүмкіндік беретін еуропалық өндірістің гофрожелісін қамтитын қазіргі заманғы жабдықпен жасақталған. Компанияның технологиялық жасақталуы бір қабатты және екі қабатты қағазды және целлюлозды және макулатуралық картон өндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, өндірістерді халықаралық стандарттарға келтіру және ISO 9001:2000 сертификатын алу процесі аяқталып келеді. ERP электронды құжат айналымы жүйесін енгізу аяқталды.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес ҚР аумағына қағаз бен гофрокартон импортының көлемі 2005 жылы 11444 778 АҚШ долларын немесе 2004 жылға 105,3% (10 869 372 АҚШ доллары) және сәйкесінше 2003 жылға 142,6% (7 519 944 АҚШ доллары) құрады.

Негізгі проблемалар:

1. Целлюлозалық-қағаздық өнеркәсіп шығаратын тауарлардың шектелген спектрі.

Целлюлозалық-қағаздық өнеркәсіп саласында негізінен тұсқағаздар, гофрокартон, гофроыдыс және шаруашылық-тұрмыстық, санитариялық қағаздық бұйымдар өндірісі дамыған. Бұл ретте өзінің тауар өндірісі үшін гофрокартон мен гофроыдыс өндірушілері жергілікті және сырттан әкелінген макулатураны, сондай-ақ ресейлік целлюлозаны қолданады.

Тұсқағаз өндірісінде пайдаланатын негізгі шикізат жақын (қағаз) және алыс (бояу, ПВХ пастасы, кашир-желімі және басқалар) шет елдерден әкелінеді.

Шетелдік тұсқағаз кәсіпорындары негізінен қағаз өндірушілер де болып табылады.

Өзінің шикізатында жұмыс істеп отырып, олар тұсқағазды Ресейден әкелінетін қағаздан өндіретін қазақстандық кәсіпорындарға қарағанда алдын ала тұсқағаз өндірісінің өзіндік құнды 15-20 % төмен алады.

2. Баспалық өнім технологиясының және сапасының төмен үлесімен е р е к ш е л е н е д і .

Бұған қоса отандық баспаханалық кәсіпорындары ішкі нарықта жеткілікті дамыған. Отандық газеттер мен журналдарға үлкен сұраныс байқалады, соған қарамастан Ресейден, Германиядан, Ұлыбританиядан баспалық кітаптарды импорттау жоғары сұраныста болып қала береді. Отандық жарнамалық компаниялардың дамымаушылығы салдарынан жарнамалық баспалық өнім негізінен Қытайдан, Түркия мен Ресейден импортталады.

Бұл өндіріс ақша қаражаттарын жабдыққа салудың жоғары үлесімен, отандық материалдардың, жоғары сапалы қағаздардың жоқ болуымен, жоғары көліктік шығындармен және шағын бизнес үшін қолайсыз жағдайлармен ерекшеленетіндіктен, баспаханалық өнеркәсіптің басқа бұйымдары да негізінен и м п о р т т а л а д ы .

3. Целлюлозды-қағаз өнеркәсібінің өндірісін өңірлер бойынша біркелкі бөлмеу және Қазақстанның солтүстік шығыс орман өңірлерінің ресурстық ә л е у е т і н и г е р м е у ш і л і к .

Қазіргі кезде Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстарының өндірістік мүмкіндігі әзірше дамымаған болып қалады. Мемлекеттік және жеке инвестицияларды салудың төмен үлесі осы өңірлерге қағаз өнімдерін әлеуетті ө н д і р у г е м ү м к і н д і к б е р м е й д і .

Қағаз өнімдерін өндіру негізінен Алматы және Алматы облыстарында ш о ғ ы р л а н ғ а н .

4. Отандық өнімдердің төмен бәсеке қабілеттілігі.

Целлюлозды-қағаз өнеркәсібі шығаратын отандық өнімдердің сапасы импорттық өнімдерге біршама орын береді. Қағаз саласының отандық өнімдері көптеген сипаттамалары бойынша импорттық өнімдерге жол береді және қазіргі сәтте олармен бәсекеге түсе алмайды. Целлюлозды-қағаз өнеркәсібінің көпшілік кәсіпорындары әлі күнге дейін ескірген жабдықтарда жұмыс істейді, сапасы төмен материалдарды қолданады, сондай-ақ ғылымды қажетсіну үлесі төмен.

5. Осы сала қызметкерлерінің біліктілігінің төмендігі.

Көптеген целлюлозды-қағаз кәсіпорындарында шетелден тартылған мамандар жұмыс істейді, атап айтқанда технологиялар Ресейден тартылады.

6. Қағаз және баспасөз өнімдерінің шағын тұтынушылық нарығы.

Қазақстанда қағаз өнімдерін тұтыну деңгейі төмен болып қала береді, бұл осы өнімдердің отандық өндірістерінің дамуынан байқалады. Қағаздарды, газеттік және журналдық қағаздардың ірі өндірісін құру шағын ішкі нарық

к е з і н д е

м ү м к і н

е м е с .

7. Республиканың толығымен алғанда ағаш өңдеу саласының дамымаушылығы .

Республиканың қағаз өнеркәсібінің осы саласы болып табылатын ағаш өңдеуші өнеркәсібі бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін ұстау үшін әзірше дамымаған. Бұған қоса заңнаманың жетілмеуі, орман шаруашылығындағы салықтық және салықтық емес төлемдердің ұлғаюы, орман саласының көптеген құрылымдық өзгерістері айтылып отыр.

3.7. Фармацевтика және медицина өнеркәсібі

Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту республиканың экономикасы үшін маңызды мәні бар, өйткені мемлекеттік өзі өндірген дәрілік құралдармен және медициналық жабдықпен қамтамасыз етілуі еліміздегі халықтың өмірлік деңгейіне белгілі бір дәрежеде әсер етеді және стратегиялық жоспарда елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайту факторларының бірі болып табылады .

Республикада фармацевтикалық препараттарды өндіру көлемдері бойынша өндірушілердің үш тобын бөліп көрсетуге болады.

Бірінші топқа көлемі 2005 жылы 18 миллион АҚШ долларын құраған "Химфарм" АҚ кіреді, бұл отандық фармацевтикалық кәсіпорындар өндірген өнімдердің жалпы көлемінен 60 %-на сәйкес келеді.

Екінші топқа өндіріс көлемі жылына 3 миллион АҚШ долларынан аспайтын кәсіпорындар кіреді .

Мұндай кәсіпорындарға Алматы фармацевтикалық фабрикасы, "Ромат" ЖШС (Павлодар қ.) және "Глобал фарм бірлескен кәсіпорны" (Алматы қ.) жатады .

Үшінші топты өндіріс көлемі 300-400 мың АҚШ долларынан астам емес барлық қалған кәсіпорындар құрайды.

Медициналық техникаларды шығаратын негізгі кәсіпорын медициналық және өнеркәсіптік рентгендік техниканы өндіру жөніндегі жалғыз мамандандырылған кәсіпорын болып табылатын "Ақтөберенген" АООТ (Ақтөбе қ.) мен оттегі ингалаторлары, өкпені жасанды желдету аппараттарын өндірумен айналысатын "Тыныс" АҚ (Көкшетау қ.) болып табылады.

Республиканың фармацевтикалық және медициналық өндірістерінің жалпы саны шамамен 120 болса, оның ішінде 70 кәсіпорын дәрі-дәрмек заттарын, биологиялық активті қоспаларын шығарумен айналысады және шамамен 50 кәсіпорын медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы шығарады .

Шығарылатын фармацевтикалық өнім номенклатурасы 700 атауды, ал медициналық өнім 130 атауды құрады.

Отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың ерекшеліктері олар негізінен кең қолданылатын генерикалық дәрілік препараттарды шығарады. Шағын кәсіпорындар нарықта қалыс қалмай, бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін бірегей дәрілік заттарын әзірлеп, өндіреді.

Мәселен, Қызылмай фирмасы Қызылмай атауымен полифитті май шығарады, Вита-Вент фирмасы өкпе, аллергия ауруларын және туберкулезді емдеуге арналған эфир майын, Шымкент Рауан ҒӨО жеке бірегей әзірлеу бойынша синтезделетін Нафтизин, Цидипол және Глинтарды, Ақсу-Дән Шығыс Қазақстан облысының жергілікті шикізатынан Пантокрин шығарады.

Қазақстанның фармацевтикалық және медициналық өнеркәсібінің жай-күйі өнім өндірісі өсуінің оң қарқынында тұр. Мәселен, 2005 жылы фармацевтикалық препараттар мен субстанциялардың шығарудың көлемі 2000 жылдың деңгейінен (15,8 млн.АҚШ доллары) үш есе артық 48,7 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, фармацевтикалық препараттар мен субстанциялардың өндірісінің өсу серпіні 2001 жылдан 2004 жыл бойынша мынадай түрде көрініс береді: 2001 жыл - 17,3 млн АҚШ доллары, 2002 жылы - 22,2 млн. АҚШ доллары, 2003 жылы - 26,8 млн. АҚШ доллары, 2004 жылы - 34,9 млн. АҚШ доллары.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша фармацевтикалық өнім импортының көлемі 2005 жылы 415 млн. АҚШ долларын құрады. 2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы импорт 31,9 %, ал экспорт 37,7 % ұлғайғанын атап өту қажет. Экспорттың көлемі 3,8 млн

А Қ Ш д о л л а р .

Сондай-ақ, 2004 жылы импорт өз кезегінде 2003 жылмен салыстырғанда 43,3 %, ал экспорт 58,2 % ұлғайғанын атап өту қажет. Бұл ретте, 2003 жылы фармацевтикалық өнімнің импортының көлемі 219,9 млн. АҚШ долларын құрады. Экспорт көлемі 2,4 млн. АҚШ доллары көлемін құрады.

Қазақстанға дәрі-дәрмектер 77 елден импортталады.

Республикаға дәрілік құралдарды жеткізу бойынша көшбасшылар болып табылатын экспортшыларға - он елге: Германия, Ресей, Үндістан, Франция, Украина, Словения, Польша, Швейцария, Австрия, Дания кіреді.

Алайда оның бәсекеге қабілеттілігінің деңгейі әзірге жеткілікті жоғары емес, бұл ең алдымен негізгі қорлардың тозуымен, энергия тасығыштар мен көліктік тарифтерге бағаның өсуінен болған шығындардың елеулі өсуіне, технологиялық жаңғыртуға жеткілікті қаражаттың болмауына, қазіргі заманғы технологияны енгізуде артта қалуға байланысты.

Негізгі проблемалар:
негізгі қорлардың тозуы;

негізгі капиталға инвестициялардың жеткіліксіз көлемі.

Салаларды технологиялық жаңғыртуды жүргізуге қаражаттардың жетіспеушілігі оның бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін төмендетудің негізгі ф а к т о р ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бірнеше ірі өндірушілерді қоспағанда, отандық кәсіпорындардың көпшілігінің әзірше сапаның халықаралық сертификаттары жоқ. Осыған байланысты республикада шығарылатын дәрілік құралдардың бәрі бірдей халықаралық стандартқа сәйкес келмейді. Бұл Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне дейінгі шешілуі тиіс негізгі проблемалардың бірі.

Отандық фармацевтикалық өнеркәсіптің сақталған бәсекеге қабілеттілігінің төменгі деңгейі салаларға сапаның халықаралық стандарттарын енгізу жөніндегі тиісті шаралар қабылдауды талап етеді.

Осы бағытты іске асыру мыналарды ұйғарады:
инвестицияларды неғұрлым кеңінен тарту, қазіргі заманғы технологияларды енгізу, салалық ғылымды дамыту;
салаларда тиімді өндірістерді құруға ықпал ететін банктермен тиісті кредиттік саясатты жүргізу;
кәсіпорындарда сапаның стандарттарын енгізу (ISO 9000, GPP, GDP, GLP).

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуының өтпелі кезеңіндегі бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:
агроөнеркәсіптік кешен салаларын индустриялау;
қызмет көрсететін инфрақұрылымды және қауіпсіздікті бағалау жүйесі мен ө н і м н і ң с а п а с ы н да м ы т у ;
қолдау арқылы ұлттық бәсекелестік артықшылықтарды дамыту және өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
сапаның халықаралық стандарттарын енгізу арқылы отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру;
экономиканың кейбір өңдеуші салаларын дамыту үшін тиімді жағдайлар қалыптастыру.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асырылу тетіктері

санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімнің талаптарын орындау мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық

және карантиндік ережелер мен нормаларды халықаралық стандарттармен үйлестіру;

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгертулер енгізу; қауіпсіздіктің деңгейін регламенттейтін техникалық регламенттерді әзірлеу; инвестицияларды жеңіл, ағаш өңдеу және фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің отандық өндірісіне тарту; өңірлік интеграциялық бірлестіктер шеңберінде қабылданған және ДСҰ-ға кіру шеңберінде қабылданған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының басымдықтарын, халықаралық міндеттемелерді және Қазақстан Республикасының міндеттемелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының икемді кедендік-тарифтік саясатын жүргізу.

6. Қажетгі ресурстар мен Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бұл бағдарламаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен қаражаттарды бөлу көзделмейді.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі шеңберіндегі өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салаларының бейімделуі үшін м ы н а л а р :

халықаралық талаптарға сәйкес өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын қ а м т а м а с ы з е т у ;

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын Дүниежүзілік Сауда Ұйымының нормаларына сәйкес келтіру;

ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту; ветеринарлық қызметтер мен өсімдіктердің карантині жөніндегі қызметтерді д а м ы т у ;

жеңіл, ағаш өнеркәсібі мен фармацевтикалық өнеркәсіп салаларын дамыту.

8. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шеңберіндегі өтпелі кезеңде экономиканың кейбір салаларының бейімделуінің 2007-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)

1	2	3	4	5	6
1. Санитарлық және фитосанитарлық шаралар					
1.	Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісім талаптарын ескере отырып санитарлық-эпидимиологиялық ережелер мен нормалар айқындаудың жүйесін жетілдіру	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне ұсыныстар	ДСМ	2007 жылғы 10 желтоқсан	Талап етілмейді
2.	Ветеринариядағы жаңа тәсілдерді және елдің ДСҰ-ға кіруін ескере отырып, мемлекеттік ветеринарлық қызмет жүйесін жетілдіру	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2007 жылғы 10 желтоқсан	Талап етілмейді
3.	Тамақ өнімдері өндірісінің әрбір кезеңі үшін қауіп-қатерлер негізіндегі тәсілді ескере отырып, ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздіктің жаңа нормаларын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ (шақыру), ДСМ	2007 жылғы 10 желтоқсан	Талап етілмейді
4.	Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісім талаптарын ескере отырып, жануарлар мен өсімдіктердің саулығын қамтамасыз ету саласындағы нормативті құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2007 жылғы 10 желтоқсан	Талап етілмейді
5.	"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	АШМ	2007 жыл 3-тоқсан	Талап етілмейді
2. Жеңіл, ағаш өңдеу және фармацевтикалық өнеркәсіптер					
6.	Жеңіл, целлюлоза-қағаз және фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ	2007 жылғы 20 шілде	Талап етілмейді
		Қазақстан Республикасы			

7.	Фармацевтика саласындағы ISO 9000, GPP, GDP, GMP, GLP сапасының халықаралық стандарттарын енгізу	Индустрия және сауда министрлігіне ақпарат	ДСМ	2007 - 2008жылдардың 10 желтоқсаны	Талап етілмейді
8.	Жеңіл өнеркәсіптің, ағаш өңдеу және фармацевтика өнеркәсібінің өнімдерінің отандық өндірісіне шетел инвестицияларын тарту, сондай-ақ тез өсетін сүрек-бұта түрлерінің плантацияларын жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (шақыру), АШМ	(2007 - 2008жылдардың 20 шілдесі	Талап етілмейді

Аббревиатуралардың толық жазуы:

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі